| <b>Тәрбиеші мен баланың еркін әрекеті</b>                                                                    | Қимыл-қозғалыс ойындары «Өз түсінді табу», «Жасырынбақ», «Жалаушаны табу».                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                    |                                                                                                                |                                                    |                                                                                 |
| <b>Серуенге дайындық</b><br><b>Серуендеу</b><br><b>Үйге қайту</b><br><b>Ата-анаға кеңес</b>                  | Киім шкафтарын танып бару, заттарын алып, кие алатын киімдерін киіп үйрену<br>Балалардың ойыншықтармен еркін ойындары.                                                                                                                                                                                                                   |                                                    |                                                                                                                |                                                    |                                                                                 |

## **Ұйымдастырылған оқу қызмет №1**

**Күні:06.06**

**Білім беру саласы:** «Таным»

**Ұйымдастырылған оқу қызмет:** Сенсорика

**Тақырыбы:** «Жануарлар үйшіктері»

**Мақсаты:** Үлкен,кішілеу,кішкентай заттармен жұмыс істеуге үйрету. Қол моторикасын дамыту.

Пішіндерді арнайы орнына салуға үйрету мен ептілігін пысықтау

**Көрнекілік құралдар:** құрастырмалы пішіндер.

**Кіріспе бөлім:** балаларға әр түрлі пішін орындары бар үйшікті көрсету, естеріне түсірту.

**Негізгі бөлім:** Әр балаға бір пішін беріп оны сәйкес келетін орнына орналастыру жағдайын жасайды.  
Кімдерді үйшікке орналастырғанын атап айытуын ұйымдастыру

**Қорытынды бөлім:** Тәрбиеші балалардың көңіл күйлеріне қарап мақтап, мадақтау

## **Ұйымдастырылған оқу қызмет №2,4**

**Күні:07.06; 09.06.**

**Білім беру саласы:** «Денсаулық»

**Ұйымдастырылған оқу қызмет:** Дене шынықтыру

**Мақсаты:** Жүру дағдыларын пысықтау.

**Көрнекілік құралдар:** жолақшалар,шеңберлер

**Кіріспе бөлім:** жалпы дамытушы жаттығуларды жасау

1. Қатарға тұрып тәрбиешінің соңынан еріп шеңбер бойлап жүру.
2. Аяқтың ұшымен, қолдарды жоғары көтеріп жүру (10 секундтан бастап, мен зообақтағы жирафпын деп айтқызу)
3. Өкшемен, қолды белге қойып жүру. (20 секундтан бастап,мен ыстық құмның үстінде жүрмін)
4. Аяқтардың сыртқы жанымен жүру. (20 секундтан жоғары, мен аюмын)

**Негізгі бөлім:** Түрлі қарқында заттардың арасынан жүру

**Қорытынды бөлім:** Қимылды ойын «Ұстап аламыз»

Балаларды еркін жіберіп, ұстап аламын деп арттарынан тәрбиеші қуады. Кім бірінші ұсталады, сол жеңіледі.

**Ұйымдастырылған оқу қызмет №3**  
**Күні: 08.06.**

**Білім беру саласы:** «Қатынас»

**Ұйымдастырылған оқу қызмет:** Көркем әдебиет

**Тақырыбы:** «Кітапшалар»

**Мақсаты:** Кітаптағы суреттерді танып қарастыру. Эмоционалды көңіл-күйлерін білдіруге жаттықтыру

**Көрнекілік құралдар:** түрлі ертегі кітаптары.

**Кіріспе бөлім:** Балаларды үстел айналасына жинап түрлі кітаптарды көрсетеді. Жеке әр балаға жануарлар, құстар, жемістер туралы шағын кітапшаларды үлестіріп береді

**Негізгі бөлім:** Орындықтарға жайғасып, отырғызып қолындағы кітапты әр баламен жеке тамашалап онда не және кім бейнеленген сұрайды. Сосын кітаптарды жинатқызып, балаларды ортаға шеңберге жинап қуыршақ суретін көрсетіп әуенмен билеуді ұсынады

**Қорытынды бөлім:** Балаларды мақтап қолдайды

**Ұйымдастырылған оқу қызмет №5**  
**Күні:10.06.**

**Білім беру саласы:** Шығармашылық

**Ұйымдастырылған оқу қызмет:** Мүсіндеу

**Тақырыбы:** «Күн»

**Мақсаты:** Алақан арасында сазбалшықты домалату арқылы күн жасауды үйрету

**Көрнекілік құралдар:** сазбалшық

**Кіріспе бөлім:** Тәрбиеші балаларға бүгін домалақ күн жасаймыз деп балаларға терезеден күнді көрсетеді.

**Негізгі бөлім:** Балаларға саз балшықты таратып береді. Тәрбиеші балаларға балшықты алақандарының ортасына салып домалату қимылдарын үйретеді.

Жасаған күндерін арнайы сөреге орналастырып тамашалайды

**Қорытынды бөлім:** Жасаған жұмыстарын бағалайды мақтайды

**МАУСЫМ АЙЫ - 3 апта**  
**Өтпелі тақырып: «Жаз да келді көңілді»**

| Апта күндері                                                                                                        | Дүйсенбі<br>Күні13.06                                                                                                                                                                                                                                                                        | Сейсенбі<br>Күні14.06                                               | Сәрсенбі<br>Күні 15.06                                                                                                                             | Бейсенбі<br>Күні 16.06                                              | Жұма<br>Күні 17.06                                                                                                                                           |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Білім салалары                                                                                                      | таным                                                                                                                                                                                                                                                                                        | денсаулық                                                           | қатынас                                                                                                                                            | денсаулық                                                           | шығармашылық                                                                                                                                                 |
| <p><b>Таңертеңгі қабылдау:</b></p> <p><b>Таңғы жаттығу</b><br/> <b>Таңғы асқа дайындық</b><br/> <b>Таңғы ас</b></p> | <p>Сәлемдесу. Балаларды көтеріңкі көңіл күймен келу дағдыларын пысықтау.</p> <p>Шар сияқты үлкеміз , кішіриеміз жаттығуы. Қолымызды жоғары көтеріп шапалақ ұрамыз</p> <p>Үстел басына қолдарын жуғаннан кейін отыру<br/> Тамақты төгіп-шашпай ұқыпты ішу, орындыққа өзі отырып, өзі тұру</p> |                                                                     |                                                                                                                                                    |                                                                     |                                                                                                                                                              |
| <p><b>Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті:</b></p>                                                                | <p><i>жаратылыс тану:</i><br/> Жаз мезгілі туралы түсінік беру. Табиғатты сүйуге тәрбиелеу.</p>                                                                                                                                                                                              | <p><i>дене шынықтыру:</i><br/> Еденде жатқан арқаннан аттап өту</p> | <p><i>сөйлеуді дамыту:</i><br/> Балалардың тілін дамыту. Көкөністер мен жемістер туралы түсінік беру. Сөздік қорын молайту. Еңбекке тәрбиелеу.</p> | <p><i>дене шынықтыру:</i><br/> Еденде жатқан арқаннан аттап өту</p> | <p><i>сурет салу:</i><br/> 4 негізгі түстерді (қызыл, көк, сары, жасыл) қолдануға, қағаз бетіне бейнеленген шарларға жіптерді дұрыс орналастыруға үйрету</p> |
| <p><b>Серуенге дайындық</b></p> <p><b>Күндізгі серуен</b></p> <p><b>Серуеннен оралу</b></p>                         | Ойын,бақылау және танысу:                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                     |                                                                                                                                                    |                                                                     |                                                                                                                                                              |
|                                                                                                                     | Қуыршақ театры «әтеш пен түлкі»                                                                                                                                                                                                                                                              | Желілі ойын «қуыршаққа тамақ береміз»                               | Моншақ тіземіз                                                                                                                                     | Әтешпен танысу                                                      | Мысық тіршілігін бақылау                                                                                                                                     |
|                                                                                                                     | <p>Өз бетінше киінуге әрекеттенуді қалыптастыру.</p> <p>Серуенде жақсы көңіл күйде жүруді үйрету.</p> <p>Реттілікті сақтап шешінуді үйрету.</p>                                                                                                                                              |                                                                     |                                                                                                                                                    |                                                                     |                                                                                                                                                              |
| <p><b>Гигиеналық шаралар,</b><br/> <b>Түскі асқа дайындық,</b><br/> <b>Түскі ас</b></p> <p><b>Күндізгі ұйқы</b></p> | <p>Жуынуға сүлгіні қолдануға ықылас білдіру. Ересектердің көмегімен беті қолдарын сүрту</p> <p>Тамақты төгіп-шашпай ұқыпты ішу, орындыққа өзі отырып, өзі тұру</p> <p>Киім шешкенде оң қимыл әрекетімен шешінуге ықылас таныту. Киімдерін белгілі тәртіппен шешу</p>                         |                                                                     |                                                                                                                                                    |                                                                     |                                                                                                                                                              |
| <p><b>Ұйқыдан ояну шынығу,</b><br/> <b>Бесін ас</b></p>                                                             | <p>Тыныстау жаттығуларын жасау, ауа ваннасын 2-3 минут қабылдау</p> <p>Тамақты төгіп-шашпай ұқыпты ішу, орындыққа өзі отырып, өзі тұру</p>                                                                                                                                                   |                                                                     |                                                                                                                                                    |                                                                     |                                                                                                                                                              |
| <p><b>Тәрбиеші мен баланың еркін әрекеті</b></p>                                                                    | Дербес қимылды ойындарды ойнату, балалардың қызығушылығы бойынша жеке ойындар                                                                                                                                                                                                                |                                                                     |                                                                                                                                                    |                                                                     |                                                                                                                                                              |
| <p><b>Серуенге дайындық</b><br/> <b>Серуендеу</b><br/> <b>Үйге қайту</b><br/> <b>Ата-анаға кеңес</b></p>            | Киімдерін ұқыпты киюге дағдыландыру.                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                     |                                                                                                                                                    |                                                                     |                                                                                                                                                              |

**Ұйымдастырылған оқу қызмет №1**  
**Күні:13.06.**

**Білім беру саласы:** Таным

**Ұйымдастырылған оқу қызмет:** Жаратылыстану

**Тақырыбы:** «Жаз мезгілі»

**Мақсаты:** Жаз мезгілі туралы түсінік беру. Табиғатты сүйеге тәрбиелеу.

**Көрнекілік құралдар:** қуыршақ, қуыршақтың киімдері, суреттер.

**Кіріспе бөлім:** Балаларға әдемі жаңа қуыршақты көрсету. Оның киімін тамашалау. Жылы киімдерін шешіп

**Негізгі бөлім:** қуыршақты отырғызып енді жазғы киімдерді әкеліңдер деп балаларға тапсырма беру. Әр бала әкелген киімді қуыршаққа кигізіп атын атату.

**Қорытынды бөлім:** Тәрбиеші қуыршақты алып оның атынан рахмет айтып, балалардың көңіл күйлеріне қарап үстеріндегі киімдерді атап айтуын ұйымдастыру. Жауаптарына қарай мақтап, мадақтайды

**Ұйымдастырылған оқу қызмет №2,4**  
**Күні:14.06; 16.06.**

**Білім беру саласы:** Денсаулық

**Ұйымдастырылған оқу қызмет:** Дене шынықтыру

**Мақсаты:** Еденде жатқан арқаннан аттап өту

**Көрнекілік құралдар:** арқан.

**Кіріспе бөлім:** жалпы дамытушы жаттығулар

1. Тәрбиешінің соңынан еріп шеңбер бойлап жүру
2. Демін алғанда қолдарымен өзін құшақтайды, демін шығарғанда қолдарын жанына жайяды
3. Еркін секіріп жүгіру (1 минуттай)
4. Қолдарын төмен түсіріп жай жүру.

**Негізгі бөлім:** Еденде жатқан арқаннан аттап өту

**Қорытынды бөлім:** Қимылды ойын «Жетіп ал»

Тәрбиеші әр түрлі ойыншықты қолына алып, қане біздің балақай үлкен болып өсіпті деп ойыншықты жоғары көтереді. Бала созылып, аяғының ұшына тұрып жетуге тырысады.

**Ұйымдастырылған оқу қызмет №3**  
**Күні: 15.06.**

**Білім беру саласы:** Қатынас

**Ұйымдастырылған оқу қызмет:** Сөйлеуді дамыту

**Тақырыбы:** «Көкөністер мен жемістер».

**Мақсаты:** Балалардың тілін дамыту. Көкөністер мен жемістер туралы түсінік беру. Сөздік қорын молайту. Еңбекке тәрбиелеу.

**Көрнекілік құралдар:** себеттерге салынған көкөністер мен жемістер.

**Кіріспе бөлім:** Балалар мына себетке қарандаршы ішінде не бар екен? Бұларды жемістер мен көкөністер деп айтады.

**Негізгі бөлім:** Мынау қияр, қызанақ бұл көкөніс, ал мынау алма, банан бұл жеміс деп айтып түсіндіру. Әр қайсысын айтқан кезде атауын қайталату.

Балаларға бір-бір жеміс көкөністен таратып беріп атауын атауды үйрету, содан соң бөліп көкөністерді қапқа , жемістерді, табаққа салуды үйрету .Дәмі қандай , өзі қандай деген сұрақтарға жауап беруге дағдаландырады

**Қорытынды бөлім:** Балалардан нені, қандай сөз үйренгендерін сұрау. Мақтап мадақтау.

**Ұйымдастырылған оқу қызмет №5**  
**Күні:17.06.**

**Білім беру саласы:** Шығармашылық

**Ұйымдастырылған оқу қызмет:** Сурет салу

**Тақырыбы:** «Шарлар»

**Мақсаты:** 4 негізгі түстерді (қызыл, көк, сары, жасыл) қолдануға, қағаз бетіне бейнеленген шарларға жіптерді дұрыс орналастыруға үйрету

**Көрнекілік құралдар:** қорапша, қарындаштар.

**Кіріспе бөлім:** Балаларға сырлы қорапты көрсетеді. Ішінде не бар қаратады. Онда қарындаштар мен шарлар салынған карточкалар

**Негізгі бөлім:** Міне мынау қарындаштар бұлар түрлі түсті деп, бірнеше қарындаштарды балаларға ұстап көруге береді. Қарындаштармен қағаздағы шарларға ұшып кетпесін деп жіп қосып саламыз деп алдарына шарлар суреті бар қағаз карточкаларды таратып береді. Балалар қағазды қаламды ұстап көреді. Тәрбиеші әр шарға түйісетін жіпті шар түсіне қарай қарындаш таңдап жіп салу үлгісімен таныстырады

**Қорытынды бөлім:** Балалардың салған жіптердің шар түстерін атауын атауды пысықтап мақтап бағалайды

**МАУСЫМ АЙЫ - 4 апта**  
**Өтпелі тақырып: «Жаз да келді көңілді»**

| Апта күндері                                                                                                 | Дүйсенбі<br>Күні 20.06                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            | Сейсенбі<br>Күні 21.06                     | Сәрсенбі<br>Күні 22.06                                                          | Бейсенбі<br>Күні 23.06                     | Жұма<br>Күні 24.06                                                                                                                             |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Білім салалары                                                                                               | таным                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             | денсаулық                                  | қатынас                                                                         | денсаулық                                  | шығармашылық                                                                                                                                   |
| <b>Танертенгі қабылдау:</b><br><br><b>Таңғы жаттығу</b><br><br><b>Таңғы асқа дайындық</b><br><b>Таңғы ас</b> | Балаларда сәлемдесу дағдыларын қалыптастыру. Көңілді музыкамен қарсы алу<br><br>Жүру жаттығуы бір бағытта және кері бағытта жүру. Орындарында тұрып алға еңкейіп қайта түзулену. Секіруге ұмтылдыру. Алақан соғу.<br><br>Қолдарын бір-біріне үйкелеп жуу дағдыларын қалыптасыру. Сүртінуді дағдысын пысықтау. Үстел басындағы өз орынын тауып барып отыру. Тамақты ұқыпты ішу. Майлықты пайдалану |                                            |                                                                                 |                                            |                                                                                                                                                |
| <b>Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті:</b>                                                                | <i>жаратылыс тану :</i><br>Жаз мезгілі туралы түсінік беру. Табиғатты сүйуге тәрбиелеу.                                                                                                                                                                                                                                                                                                           | <i>Дене шынықтыру:</i><br>Жіпті аттап жүру | <i>көркем әдебиет:</i><br>Балаларға нан туралы өлең оқу. Қайталап айтуын дамыту | <i>Дене шынықтыру:</i><br>Жіпті аттап жүру | <i>сурет:</i><br>4 негізгі түстерді (қызыл, көк, сары, жасыл) қолдануға, қағаз бетіне бейнеленген шарларға жіптерді дұрыс орналастыруға үйрету |
| <b>Серуенге дайындық</b><br><br><b>Күндізгі серуен</b><br><br><b>Серуеннен оралу</b>                         | Бақылау және танысу:                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |                                            |                                                                                 |                                            |                                                                                                                                                |
|                                                                                                              | қимылды ойын «шарға қолыңды тигіз»                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                | Дидактикалық ойын «Допты ал»               | Сенсорлық ойын «қораптарды реттейміз»                                           | Дидактикалық ойын (қайталау)               | Қимылды ойын қайталау                                                                                                                          |
|                                                                                                              | Серуенге баратынына қуану. Өз бетінше киіну.<br>Ата-аналардың тілектерін ескере отырып, 2-3 минут бойы жылы құмның үстінде жалаң аяқ жүру.<br>Құммен, ойыншықтармен дербес ойындар<br>Шешінуді алгоритмін пысықтау.                                                                                                                                                                               |                                            |                                                                                 |                                            |                                                                                                                                                |
| <b>Гигиеналық шаралар,</b><br><b>Түскі асқа дайындық,</b><br><b>Түскі ас</b><br><br><b>Күндізгі ұйқы</b>     | Қолдарын бір-біріне үйкелеп жуу дағдыларын қалыптасыру. Сүртінуді дағдысын пысықтау.<br><br>Үстел басындағы өз орынын тауып барып отыру. Тамақты ұқыпты ішу. Майлықты пайдалану<br><br>Киім шешкенде оң қимыл әрекетімен шешінуге ықылас таныту                                                                                                                                                   |                                            |                                                                                 |                                            |                                                                                                                                                |
| <b>Ұйқыдан ояну шынығу,</b><br><b>Бесін ас</b>                                                               | Тыныстау жаттығуларын жасау, шынығу<br><br>Үстел басындағы өз орынын тауып барып отыру. Тамақты ұқыпты ішу. Майлықты пайдалану                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                            |                                                                                 |                                            |                                                                                                                                                |
| <b>Тәрбиеші мен баланың еркін әрекеті</b>                                                                    | Балалардың қалаған ойыншығымен еркін ойындар ұйымдастыру, жеке ойындар                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                            |                                                                                 |                                            |                                                                                                                                                |
| <b>Серуенге дайындық</b><br><b>Серуендеу</b><br><b>Үйге қайту</b><br><b>Ата-анаға кеңес</b>                  | Серуенге реттілікті сақтай отырып шығу, қимылды ойындар.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                            |                                                                                 |                                            |                                                                                                                                                |

**Ұйымдастырылған оқу қызмет №1**  
**Күні:20.06.**

**Білім беру саласы:** Таным

**Ұйымдастырылған оқу қызмет:** Жаратылыстану

**Тақырыбы:** «Жаз мезгілі»

**Мақсаты:** Жаз мезгілі туралы түсінік беру. Табиғатты сүйуге тәрбиелеу.

**Көрнекілік құралдар:** қуыршақ, қуыршақтың киімдері мен суреттер.

**Кіріспе бөлім:** Балаларға әдемі жаңа қуыршақты көрсету. Оның киімін тамашалау. Жылы киімдерін шешіп

**Негізгі бөлім:** қуыршақты отырғызып енді жазғы киімдерді әкеліндер деп балаларға тапсырма беру. Әр бала әкелген киімді қуыршаққа кигізіп атын атату.

**Қорытынды бөлім:** Тәрбиеші қуыршақты алып оның атынан рахмет айтып, балалардың көңіл күйлеріне қарап үстеріндегі киімдерді атап айтуын ұйымдастыру. Жауаптарына қарай мақтап, мадақтайды

**Ұйымдастырылған оқу қызмет №2,4**  
**Күні:21.06; 23.06.**

**Білім беру саласы:** Денсаулық

**Ұйымдастырылған оқу қызмет:** Дене шынықтыру

**Мақсаты:** Жіпті аттап жүру

**Көрнекілік құралдар:** жіп, шеңбер.

**Кіріспе бөлім:** жалпы дамытушы жаттығу топтамасы

1. Тәрбиешінің соңынан еріп шеңбер бойлап жүру, тоқтап қолдарын жоғары көтеру (мен үлкенмін деп айту)
2. Балаларды шалқасынан жатқызу, велосипед тебеміз. (1-1,6 жастағы балалар тәрбиешінің көмегімен жасайды.)
3. Шалқадан жатып, аяқты тік ұстап кезектестіріп жоғары төмен түсіру
4. Орнымыздан тұрып жай жүру.

**Негізгі бөлім:** Жіпті аттап жүру

**Қорытынды бөлім:** Қимылды ойын «Ұшақтар»

Балаларды ойын алаңына еркін тұрғызып, тәрбиеші өзі ұшақ болып көрсетеді. Тәрбиеші «Ұшақтар ұшады!» деген кезде барлық бала ұшақ болып, қолын жанына созып ұшады. «Ұшықтар қона бастады!» дегенде барлық бала өз орындарына келіп, қолын тізесіне қойып қона бастайды. Тәрбиешінің бастауымен ойын жалғасады.

### **Ұйымдастырылған оқу қызмет №3**

**Күні:22.06.**

**Білім беру саласы:** қатынас

**Ұйымдастырылған оқу қызмет:** Көркем әдебиет

**Ұйымдастырылған оқу қызмет тақырыбы:** «Тәтті нан»

**Мақсаты:** Балаларға нан туралы өлең оқу. Қайталап айтуын дамыту

**Көрнекілік құралдар:**қорапша,карточкалар.

**Кіріспе бөлім:** Балаларға сиқырлы қорапты көрсету оның ішінде не бар, қарау . Қораптың ішінен түрлі нандар суреттері бар карточкаларды алып балаларға біреуден таратып беру.

**Негізгі бөлім:** Әр баладан алған карточкадағы нан суреті жайлы сұрап, оны дұрыс атауды үйретеді. Үстел үстінде табақтан нан алып балаларға беріп дәмін татып атауды ұйымдастырады содан соң нан жайлы өлең оқып береді. Бірге қайталап айтқызу

**Қорытынды бөлім:** Нан жайлы сұрап жауаптарын қорытады

### **Ұйымдастырылған оқу қызмет №5**

**Күні:24.06.**

**Білім беру саласы:** Шығармашылық

**Ұйымдастырылған оқу қызмет:** Сурет салу

**Тақырыбы:** «Шарлар»

**Мақсаты:** 4 негізгі түстерді (қызыл, көк, сары, жасыл) қолдануға, қағаз бетіне бейнеленген шарларға жіптерді дұрыс орналастыруға үйрету

**Көрнекілік құралдар:** қарындаштар.

**Кіріспе бөлім:** Балаларға сырлы қорапты көрсетеді. Ішінде не бар қаратады. Онда қарындаштар мен шарлар салынған карточкалар

**Негізгі бөлім:** Міне мынау қарындаштар бұлар түрлі түсті деп, бірнеше қарандаштарды балаларға ұстап көруге береді. Қарындаштармен қағаздағы шарларға ұшып кетпесін деп жіп қосып саламыз деп алдарына шарлар суреті бар қағаз карточкаларды таратып береді. Балалар қағазды қаламды ұстап көреді. Тәрбиеші әр шарға түйісетін жіпті шар түсіне қарай қарандаш таңдап жіп салу үлгісімен таныстырады

**Қорытынды бөлім:** Балалардың салған жіптердің шар түстерін атауын атауды пысықтап мақтап бағалайды

**МАУСЫМ АЙЫ - 5 апта**  
**Өтпелі тақырып: «Жаз да келді көңілді»**

| Апта күндері                                                                                                 | Дүйсенбі<br>Күні 27.06                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   | Сейсенбі<br>Күні 28.06                                         | Сәрсенбі<br>Күні 29.06                                                                                                                                    | Бейсенбі<br>Күні 30.06                                         | Жұма<br>Күні 01.07                                                                             |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Білім салалары                                                                                               | таным                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | денсаулық                                                      | қатынас                                                                                                                                                   | денсаулық                                                      | шығармашылық                                                                                   |
| <b>Таңертеңгі қабылдау:</b><br><br><b>Таңғы жаттығу</b><br><br><b>Таңғы асқа дайындық</b><br><b>Таңғы ас</b> | <p>Сәлемдесу. Көтеріңкі көңіл күймен қабылдау. Киімге арналған шкафтарын танып, аяқ киімін ауыстыру дағдыларын қалыптастыра отырып, пысықтау</p> <p>Шеңбер болып тұру. Қолды жоғары көтеріп түсіру. Қолдың білектерін сермеу, айналдыру. Отырып тұру.</p> <p>Тамаққа қолын жуып отыру дағдысын пысықтау.<br/> Ұқыпты тамақтану, майлықты пайдалану дағдысын пысықтау</p> |                                                                |                                                                                                                                                           |                                                                |                                                                                                |
| <b>Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті:</b>                                                                | <i>Сенсорика</i><br>Балаларға сақиналарды ыдыстағы судан таяқшаға, ілгішке іліп алып, жинауға үйрету..<br>Үлкен, кіші сақиналар ұғымдарын түсінуін қалыптастыру.                                                                                                                                                                                                         | <i>Дене шынықтыру:</i><br>гимнастикалық тақтайдың үстінен жүру | <i>Сөйлеуді дамыту:</i><br>Ойыншық тардың атын айтуға үйрету. Сөздік қорын молайту. Ойыншық тармен көңіл күй мінез танытатын сөздерді айтуын қалыптастыру | <i>Дене шынықтыру:</i><br>гимнастикалық тақтайдың үстінен жүру | <i>Мүсіндеу:</i><br>Алақан арасында қамырды домалақтау және қысу арқылы шелпектер жасап жарысу |
| <b>Серуенге дайындық</b><br><br><b>Күндізгі серуен</b><br><br><b>Серуеннен оралу</b>                         | Бақылау және танысу:                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                |                                                                                                                                                           |                                                                |                                                                                                |
|                                                                                                              | Қуыршақ театры. «көңілді қуыршақ пен мысық»                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              | Желілі ойын «қуыршаққа су береміз»                             | Тауық балапандарымен                                                                                                                                      | сүмен танысу, ойнау                                            | үй жануарлары күшікпен танысу                                                                  |
|                                                                                                              | <p>Сүмен, құммен ойындар.</p> <p>Ата-аналардың тілектерін ескере отырып, 2-3 минут бойы жылы құмның үстінде жалаң аяқ жүру.</p>                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                |                                                                                                                                                           |                                                                |                                                                                                |
| <b>Гигиеналық шаралар,</b><br><b>Түскі асқа дайындық,</b><br><b>Түскі ас</b><br><b>Күндізгі ұйқы</b>         | <p>Жуынуға сүлгіні қолдануға ықылас білдіру. Қолын және бетін жуу дағдыларын қалыптастыру</p> <p>Тамақты дұрыс ішу, қасықты дұрыс ұстау. Майлықты пайдалану</p> <p>Киім шешкенде оң қимыл әрекетімен шешінуге ықылас таныту</p>                                                                                                                                          |                                                                |                                                                                                                                                           |                                                                |                                                                                                |
| <b>Ұйқыдан ояну шынығу,</b><br><b>Бесін ас</b>                                                               | <p>Ауа ваннасын қабылдау 3-4 минут</p> <p>Жуынуға сүлгіні қолдануға ықылас білдіру. Қолын және бетін жуу дағдыларын қалыптастыру</p> <p>Тамақты дұрыс ішу, қасықты дұрыс ұстау. Майлықты пайдалану</p>                                                                                                                                                                   |                                                                |                                                                                                                                                           |                                                                |                                                                                                |
| <b>Тәрбиеші мен баланың еркін әрекеті</b>                                                                    | <p>Ойыншықтармен жеке ойындар ұйымдастыру</p> <p>Ертегі оқып беру</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                |                                                                                                                                                           |                                                                |                                                                                                |
| <b>Серуенге дайындық</b><br><b>Серуендеу</b><br><b>Үйге қайту</b><br><b>Ата-анаға кеңес</b>                  | <p>Серуенге шығу тәртібін сақтау.</p> <p>Еркін ойындар</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                |                                                                                                                                                           |                                                                |                                                                                                |

## **Ұйымдастырылған оқу қызмет №1**

**Күні:27.06.**

**Білім беру саласы:** Таным

**Ұйымдастырылған оқу қызмет:** Сенсорика

**Тақырыбы:** «Сақиналар»

**Мақсаты:** Сақиналарды ыдыстағы судан таяқшаға, ілгішке іліп алып, жинауға үйрету. Үлкен, кіші сақиналар ұғымдарын түсінуін қалыптастыру.

**Көрнекілік құралдар:** пласмас сақина, су, таяқшалар.

**Кіріспе бөлім:** Балаларға ағаш, пласмас сақиналарды суда жүзіп жатқанын көрсетіп, оларды таяқшаға, ілгішке іліп судан шығару керек деп. Алу әдісін үйретеді. Кім жылдам деп балаларды

**Негізгі бөлім:** Сақиналарды жинауға жұмылдырады. Әкелген сақинасын үлкен кіші реттілігін айтып табақшаларға салуға жағдай жасап көрсетіп отырады.

**Қорытынды бөлім:** Тәрбиеші балалардың көңіл күйлеріне қарап мақтап, мадақтайды

## **Ұйымдастырылған оқу қызмет №2,4**

**Күні:28.06; 30.06.**

**Білім беру саласы:** Денсаулық

**Ұйымдастырылған оқу қызмет:** Дене шынықтыру

**Мақсаты:** гимнастикалық тақтайдың үстінен жүру

**Құрал саймандар:** гимнастикалық құрал жабдықтар

**Кіріспе бөлім:** жалпы дамытушы жаттығу топтамасы

1. Еденде (жерде) сызылған шеңбер боймен жүріп (10 сек) тоқтаған соң, қолдарына шар ұстаған балалар тәрбиешіге қарап көрсеткен қимылдарын орындайды.
2. Шарды екі қолмен кеуде алдына ұстап тұрып, жоғары көтеру «Ұшты, Ұшты, шар ұшты».
3. Тік тұрып, аяқтарды қатар қойылған, шар ұстаған кеуделерінің алдына қолдарын алға созып, отырып тұру.
4. Тәрбиешінің соңынан шеңбер бойлап жүру.

**Негізгі бөлім:** гимнастикалық тақтайдың үстінен жүру

**Қорытынды бөлім:** Қимылды ойын «Аюлар мен қояндар»

Тәрбиеші балаларға аю ойыншығын көрсетіп, ортаға қояды. Балалар оны айланып, аю секілді қорбаңдап жүреді. Ал аю ойыншығының орнына қоянды қойғанда балалар бір орында тұрып, қолдарын кеуде деңгейінде ұстап екі аяқпен секіреді

### **Ұйымдастырылған оқу қызмет №3**

**Күні:29.06.**

**Білім беру саласы:** қатынас

**Ұйымдастырылған оқу қызмет:** Сөйлеуді дамыту

**Тақырыбы:** «Ойыншықтар»

**Мақсаты:** Ойыншықтардың атын айтуға үйрету.Сөздік қорын молайту. Ойыншықтармен көңіл күй мінез танытатын сөздерді айтуын қалыптастыру

**Көрнекілік құралдар:** түрлі ойыншықтар.

**Кіріспе бөлім:** Балалармен шаттық шеңберін ұйымдастыру. Ғажайып қоржынды көрсетіп, ішінде не бар екен деп көрсетеді

**Негізгі бөлім:** Ішін ашып, қуыршақ, доп, машине алады. Балалар бұл не? Атауын атауды сұрайды. Қалай ойнаймыз деп сұрайды. Әр ойыншықпен ойнау жолдарын көрсетіп балаларға үлестіреді.

**Қорытынды бөлім:** Балалар ойыншықтармен ойнап, болған соң қайтадан қоржынға жинатады әр балаға қолындағы ойыншық түрін айтқызады. Мақтап, мадақтайды

### **Ұйымдастырылған оқу қызмет №5**

**Күні:01.07.**

**Білім беру саласы:** Шығармашылық

**Ұйымдастырылған оқу қызмет:** Мүсіндеу

**Тақырыбы:** «Шелпек»

**Мақсаты:** Алақан арасында қамырды домалақтау және қысу арқылы шелпектер жасау жарысы

**Көрнекілік құралдар:** аспаз берген қамыр.

**Кіріспе бөлім:** Топқа аспаз келеді балаларға табақпен пісірген бауырсақтарын көрсетеді

**Негізгі бөлім:** Бірақ олар аз тағы пісіру керек ол үшін балалардан өтінеді қамырдан бауырсақ жасап беріңдерші деп .

Тәрбиеші қамырдан бауырсақ жасау жолдарын балаларға көрсетеді

**Қорытынды бөлім:** Жасап берген балаларға піскен бауырсақ сыйлайды  
Жасаған жұмыстарын бағалайды мақтайды

**ШІЛДЕ АЙЫ - 1 апта**  
**Өтпелі тақырып: «Әрқашан күн сөнбесін!»**

| Апта күндері                                                                                                 | Дүйсенбі<br>Күні 03.07                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   | Сейсенбі<br>Күні 04.07                                                      | Сәрсенбі<br>Күні 05.07                                                      | Бейсенбі<br>Күні_06.07 | Жұма<br>Күні_07.07                                                                             |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------|------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Білім салалары                                                                                               | таным                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | денсаулық                                                                   | қатынас                                                                     | денсаулық              | шығармашылық                                                                                   |
| <b>Танертеңгі қабылдау:</b><br><br><b>Таңғы жаттығу</b><br><br><b>Таңғы асқа дайындық</b><br><b>Таңғы ас</b> | <p>Сәлемдесу. Көтеріңкі көңіл күймен қабылдау. Киімге арналған шкафтарын танып, аяқ киімін ауыстыру дағдыларын қалыптастыра отырып, пысықтау</p> <p>Шеңбер болып тұру. Қолды жоғары көтеріп түсіру. Қолдың білектерін сермеу, айналдыру. Отырып тұру.</p> <p>Тамаққа қолын жуып отыру дағдысын пысықтау.<br/> Ұқыпты тамақтану, майлықты пайдалану дағдысын пысықтау</p> |                                                                             |                                                                             |                        |                                                                                                |
| <b>Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті:</b>                                                                | <i>Сенсорика:</i><br>Сақиналарды ыдыстағы судан таяқшаға, ілгішке іліп алып, жинауға үйрету..<br>Үлкен, кіші сақиналар ұғымдарын түсінуін қалыптастыру.                                                                                                                                                                                                                  | <i>Дене шынықтыру:</i><br>Гимнастикалық тақтай үстімен жүру. Топ болып жүру | <i>Дене шынықтыру:</i><br>Гимнастикалық тақтай үстімен жүру. Топ болып жүру |                        | <i>Мүсіндеу:</i><br>Алақан арасында қамырды домалақтау және қысу арқылы шелпектер жасап жарысу |
| <b>Серуенге дайындық</b><br><br><b>Күндізгі серуен</b><br><br><b>Серуеннен оралу</b>                         | Бақылау және танысу:                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                             |                                                                             |                        |                                                                                                |
|                                                                                                              | Қимылды ойын<br>«Конжық »                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                | Сенсорлық ойындар<br>«бірдей заттарды тап»                                  | Дидактикалық ойын<br>«телпек кімдікі»                                       |                        | Табиғат, ауа райы<br>«Су мен ағаштар»<br>бормен сурет салу                                     |
|                                                                                                              | Сумен, құммен ойындар.<br>Ата-аналардың тілектерін ескере отырып, 2-3 минут бойы жылы құмның үстінде жалаң аяқ жүру.                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                             |                                                                             |                        |                                                                                                |
| <b>Гигиеналық шаралар,</b><br><b>Түскі асқа дайындық,</b><br><b>Түскі ас</b><br><br><b>Күндізгі ұйқы</b>     | <p>Жуынуға сүлгіні қолдануға ықылас білдіру. Қолын және бетін жуу дағдыларын қалыптастыру</p> <p>Тамақты дұрыс ішу, қасықты дұрыс ұстау. Майлықты пайдалану</p> <p>Киім шешкенде оң қимыл әрекетімен шешінуге ықылас таныту, тәртіппен шешініп, киімдерін жинауды үйрету.</p>                                                                                            |                                                                             |                                                                             |                        |                                                                                                |
| <b>Ұйқыдан ояну шынығу,</b><br><br><b>Бесін ас</b>                                                           | <p>Ауа ваннасын қабылдау 4-5 минут</p> <p>Жуынуға сүлгіні қолдануға ықылас білдіру. Қолын және бетін жуу дағдыларын қалыптастыру</p> <p>Тамақты дұрыс ішу, қасықты дұрыс ұстау. Майлықты пайдалану</p>                                                                                                                                                                   |                                                                             |                                                                             |                        |                                                                                                |
| <b>Тәрбиеші мен баланың еркін әрекеті</b>                                                                    | Ойыншықтармен дербес ойындар                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                             |                                                                             |                        |                                                                                                |
| <b>Серуенге дайындық</b><br><b>Серуендеу</b><br><b>Үйге қайту</b><br><b>Ата-анаға кеңес</b>                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                             |                                                                             |                        |                                                                                                |

**Ұйымдастырылған оқу қызмет №1**  
**Күні:03.07.**

**Білім беру саласы:** Таным

**Ұйымдастырылған оқу қызмет:** Сенсорика

**Тақырыбы:** «Сақиналар»

**Мақсаты:** Сақиналарды ыдыстағы судан таяқшаға, ілгішке іліп алып, жинауға үйрету. Үлкен, кіші сақиналар ұғымдарын түсінуін қалыптастыру.

**Көрнекілік құралдар:** үлкен-кіші пішіндегі сақиналар, су, таяқшалар.

**Кіріспе бөлім:** Балаларға ағаш, пласмас сақиналарды суда жүзіп жатқанын көрсетіп, оларды таяқшаға, ілгішке іліп судан шығару керек деп. Алу әдісін үйретеді. Кім жылдам деп балаларды

**Негізгі бөлім:** Сақиналарды жинауға жұмылдырады. Әкелген сақинасын үлкен кіші реттілігін айтып табақшаларға салуға жағдай жасап көрсетіп отырады.

**Қорытынды бөлім:** Тәрбиеші балалардың көңіл күйлеріне қарап мақтап, мадақтайды

**Ұйымдастырылған оқу қызмет №2,4**

**Күні: 04.07; 06.07.**

**Білім беру саласы:** Денсаулық

**Ұйымдастырылған оқу қызмет:** Дене шынықтыру

**Мақсаты:** Гимнастикалық тақтай үстімен жүру. Топ болып жүру

**Көрнекілік құралдар:** гимнастикалық тақтайша.

**Кіріспе бөлім:** Сәуір айының таңертеңгі жаттығу топтамасы

1. Бірінің артынан бірі жүру және жәй жүгіру, алмастырып. Балалардың қолдарында сылдырмақтар. Шеңбер бойлап тұру.
2. Бастапқы қалып: Аяқтарын алшақ, табандары қатар қойылған. Сылдырмақтар екі қолымен жоғары көтеріп, аяқ ұшына тұру және оларды сылдырлату.
3. Бастапқы қалып: Тік тұрып, қолдары төмен түсірілсін. Оңға – солға иіліп сылдырмақтарды бір біріне соғу.
4. Тәрбиешінің соңынан сапқа тұрып жүру.

**Негізгі бөлім:** Гимнастикалық тақтай үстімен жүру. Топ болып жүру

**Қорытынды бөлім:** Қимылды ойын «Ұшақтар»

**Ұйымдастырылған оқу қызмет №5**  
**Күні: 07.07.**

**Білім беру саласы:** Шығармашылық

**Ұйымдастырылған оқу қызмет:** Мүсіндеу

**Тақырыбы:** «Шелпек»

**Мақсаты:** Алақан арасында қамырды домалақтау және қысу арқылы шелпектер жасау жарысы

**Көрнекілік құралдар:** аспаз берген қамыр.

**Кіріспе бөлім:** Топқа аспаз келеді балаларға табакпен пісірген бауырсақтарын көрсетеді

**Негізгі бөлім:** Бірақ олар аз тағы пісіру керек ол үшін балалардан өтінеді қамырдан бауырсақ жасап беріндерші деп .

Тәрбиеші қамырдан бауырсақ жасау жолдарын балаларға көрсетеді

**Қорытынды бөлім:** Жасап берген балаларға піскен бауырсақ сыйлайды  
Жасаған жұмыстарын бағалайды мақтайды

**ШІЛДЕ АЙЫ - 2 апта**  
**Өтпелі тақырып: «Әрқашан күн сөнбесін!»**

| Апта күндері                                                                                                 | Дүйсенбі<br>Күні11.07                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            | Сейсенбі<br>Күні 12.07                | Сәрсенбі<br>Күні_13.07                                                                                                                                                                     | Бейсенбі<br>Күні_14.07                                            | Жұма<br>Күні_15.07                                                       |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------|
| Білім салалары                                                                                               | таным                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            | денсаулық                             | қатынас                                                                                                                                                                                    | денсаулық                                                         | шығармашылық                                                             |
| <b>Таңертеңгі қабылдау:</b><br><br><b>Таңғы жаттығу</b><br><br><b>Таңғы асқа дайындық</b><br><b>Таңғы ас</b> | <p>Сәлемдесу. Көтеріңкі көңіл күймен қабылдау. Киімге арналған шкафтарын танып, аяқ киімін ауыстыру дағдыларын пысықтау</p> <p>Бірқалыпты жүру. Аяқтың ұшымен жүру. Қолды жоғары көтеріп түсіру. Алақандарын ашып жұму. Шапалақтау. Бір орында секіру.</p> <p>Тамаққа қолын жуып отыру дағдысын пысықтау.<br/> Өз орынын тауып отыру. ұқыпты тамақтану, майлықты пайдалану дағдысын пысықтау</p> |                                       |                                                                                                                                                                                            |                                                                   |                                                                          |
| <b>Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті:</b>                                                                | <i>жаратылыс тану :</i><br>дене мүшелерін танып, көрсету және таза болып жүруді үйретуді қалыптастыру                                                                                                                                                                                                                                                                                            | <i>Дене шынықтыру:</i><br>Түзу жүгіру | <i>Сөйлеуді дамыту:</i><br>Ойыншық атауын айтуға үйрету. Қимыл жасап алға артқа төмен деген сөздерді қолдануын қалыптастыру. Сөздік қорын молайту. Ойыншықтармен ұқыпты ойнауға тәрбиелеу. | <i>Дене шынықтыру :</i><br>Түзу жүгіру                            | <i>сурет салу:</i><br>Қағаз бетіне алақанымен ұқыпты таңба басуды үйрету |
| <b>Серуенге дайындық</b><br><br><b>Күндізгі серуен</b><br><br><b>Серуеннен оралу</b>                         | Бақылау және танысу:                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                       |                                                                                                                                                                                            |                                                                   |                                                                          |
|                                                                                                              | Қуыршақ театры. «көңілді қуыршақ пен мысық»                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      | Желілі ойын «қуыршаққа су береміз»    | Қуыршақ театры «Шалқан ертегісі» тамашалау                                                                                                                                                 | Дидактикалық ойын. Допты нысанаға лақтыру. Қимылды ойын «Тырналар | Сауықтыру іс-шаралары.- жалаң аяқ жүру, салқын сумен құйыну              |
|                                                                                                              | Сумен, құммен ойындар.<br>Ата-аналардың тілектерін ескере отырып, +22С төмен емес суды ағызып қолын шынтаққа дейін жуу.                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                       |                                                                                                                                                                                            |                                                                   |                                                                          |
| <b>Гигиеналық шаралар,</b><br><b>Түскі асқа дайындық,</b><br><b>Түскі ас</b><br><b>Күндізгі ұйқы</b>         | <p>Жуынуға ықылас білдіру. Қолын және бетін жуу дағдыларын қалыптастыру. Беті қолдарын сүрту</p> <p>Тамақты дұрыс ішу, қасықты дұрыс ұстау. Майлықты пайдалану</p> <p>Киім шешкенде оң қимыл әрекетімен шешінуге ықылас таныту</p>                                                                                                                                                               |                                       |                                                                                                                                                                                            |                                                                   |                                                                          |
| <b>Ұйқыдан ояну шынығу,</b><br><b>Бесін ас</b>                                                               | <p>Ауа ваннасын қабылдау 4-5 минут</p> <p>Жуынуға сүлгіні қолдануға ықылас білдіру. Қолын және бетін жуу дағдыларын қалыптастыру</p> <p>Тамақты дұрыс ішу, қасықты дұрыс ұстау. Майлықты пайдалану</p>                                                                                                                                                                                           |                                       |                                                                                                                                                                                            |                                                                   |                                                                          |
| <b>Тәрбиеші мен баланың еркін әрекеті</b>                                                                    | Ойыншықтармен дербес ойындар. Суреттер көру, ертегі айту.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                       |                                                                                                                                                                                            |                                                                   |                                                                          |
| <b>Серуенге дайындық</b><br><b>Серуендеу</b><br><b>Үйге қайту</b><br><b>Ата-анаға кеңес</b>                  | <p>Серуенге жиналу тәртібін пысықтау.</p> <p>Таза ауадағы еркін ойындар</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                       |                                                                                                                                                                                            |                                                                   |                                                                          |

## **Ұйымдастырылған оқу қызмет №1**

**Күні:11.07.**

**Білім беру саласы:** Таным

**Ұйымдастырылған оқу қызмет:** Жаратылыстану

**Тақырыбы:** «Тазалық»

**Мақсаты:** Дене мүшелерін танып, көрсету және таза болып жүруді үйретуді қалыптастыру

**Көрнекілік құралдар:** \_дене мүшелердің суреті бейнеленген карточкалар,сабын,сүлгі.

**Кіріспе бөлім:** Балаларға қонаққа келген құыршақты таныстырады

**Негізгі бөлім:** Оның дене мүшелерін көрсетіп атайды. Әр баланы жеке шақырып құыршақтың және өзінің дене мүшелерін көрсетіп ататады

Содан соң «Алақандар қайда» ойынын ойнатады

**Қорытынды бөлім:** Тәрбиеші балалардың көңіл күйлеріне қарап мақтап, мадақтайды.

## **Ұйымдастырылған оқу қызмет №2,4**

**Күні:12.07; 14.07.**

**Білім беру саласы:** Денсаулық

**Ұйымдастырылған оқу қызмет:** Дене шынықтыру

**Мақсаты:** Түзу жүгіру

**Көрнекілік құралдар:**

**Кіріспе бөлім:** жалпы дамытушы жаттығу топтамасы

1. Тәрбиешінің соңынан ирек жолмен, аяқтарын кезекпен көтеріп жүру (судан аттаймыз)
2. Етбетінен жату. Қолдарын тік ұстап жоғары төмен түсіру. (жүзіп бара жатырмын)
3. Аяқтарын жайып отырып, көздерін қолдарымен жұму, (кім бар, кім жоқ)
4. Бастапқы қалып. Тәрбиешінің соңынан сапқа тұрып жүру.

**Негізгі бөлім:** Түзу жүгіру

**Қорытынды бөлім:** Қимылды ойын «Аюлар мен қояндар»

Тәрбиеші балаларға аю ойыншығын көрсетіп, ортаға қояды. Балалар оны айланып, аю секілді қорбаңдап жүреді. Ал аю ойыншығының орнына қоянды қойғанда балалар бір орында тұрып, қолдарын кеуде деңгейінде ұстап екі аяқпен секіреді.

### **Ұйымдастырылған оқу қызмет №3**

**Күні:13.07.**

**Білім беру саласы:** Қатынас

**Ұйымдастырылған оқу қызмет:** Сөйлеуді дамыту

**Ұйымдастырылған оқу қызмет тақырыбы:** «Сылдырмақ»

**Мақсаты:** Ойыншық атауын айтуға үйрету. Қимыл жасап алға артқа төмен деген сөздерді қолдануын қалыптастыру. Сөздік қорын молайту. Ойыншықтармен ұқыпты ойнауға тәрбиелеу.

**Көрнекілік құралдар:** ойыншықтар

**Кіріспе бөлім:** Балаларға ғажап қорабты көрсетіп оның ішінде не бар тыңдату. Ашып көрейік деп ашады

**Негізгі бөлім:** Сылдырмақтарды көрсетіп бұл сылдырмақ енді оны алып, сылдырлатып көріңдер деп балаларға екі сылдырмақтан таратып береді. Ойын ойнатады «Сылдырмақ қайда» балаларға сылдырмақта артына жасырып, қайда дегенде алдына қолын созып міне деп айтуды үйретеді. Сылдыр , сылдыр сылдырмақ сыңғырлайды сылдырлап деп айтуын үйретеді.

**Қорытынды бөлім:** Балаларға сылдырмақтарды қорапқа жинатып, ол не деп сұрап мақтайды

### **Ұйымдастырылған оқу қызмет №5**

**Күні: 15.07.**

**Білім беру саласы:** Шығармашылық

**Ұйымдастырылған оқу қызмет:** Мүсіндеу

**Тақырыбы:** «Алақан таңбасы»

**Мақсаты:** Қағаз бетіне алақанымен ұқыпты таңба басуды үйрету

**Көрнекілік құралдар:** сурет салуға арналған құралдар

**Кіріспе бөлім:** Балалардың зейінін үстелдер үстінде жеке әр балаға жасақталған заттарға аударады. Қарандаршы, қандай әдемі заттар деп шағын карточкалардағы суреттерге қаратып осындай суреттер салуға болады дейді.

**Негізгі бөлім:** Міне мынау бояу, бұлар түрлі түсті деп, бірнеше бояуды балаларға ұстап көруге береді. Қылқаламмен алақанымызға бояу жағып, қағазға таңба қылып басамыз деп алдарына қағаз таратып береді. Сосын әр бала жеке жұмыс жасауына жағдай жасайды. Жұмысын аяқтаған соң ылғал сүлгімен қолын сүрткізу

**Қорытынды бөлім:** Балалардың жасаған таңбаларын өздеріне тамашалатады мынау не деп сұрап балаға ойын айтқызады мақтайды

**ШІЛДЕ АЙЫ - 3 апта**

Өтпелі тақырып: «Әрқашан күн сөнбесін!»

|                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                              |                                                                                                                                               |                                                              |                                                                               |
|----------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------|
| Апта күндері                                                                     | Дүйсенбі<br>Күні 18.07                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  | Сейсенбі<br>Күні_19.07                                       | Сәрсенбі<br>Күні_20.07                                                                                                                        | Бейсенбі<br>Күні_21.07                                       | Жұма<br>Күні_22.07                                                            |
| Білім салалары                                                                   | таным                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   | денсаулық                                                    | қатынас                                                                                                                                       | денсаулық                                                    | шығармашылық                                                                  |
| Таңертеңгі қабылдау:<br><br>Таңғы жаттығу<br><br>Таңғы асқа дайындық<br>Таңғы ас | Сәлемдесу. Көтеріңкі көңіл күймен қабылдау. Киімге арналған шкафтарын танып, аяқ киімін ауыстыру дағдыларын пысықтау<br><br>Бірқалыпты жүру. Аяқтың ұшымен жүру. Қолды жоғары көтеріп түсіру. Алақандарын ашып жұму. Шапалақтау. Бір орында секіру.<br><br>Тамаққа қолын жуып отыру дағдысын пысықтау.<br>Өз орынын тауып отыру. ұқыпты тамақтану, майлықты пайдалану дағдысын пысықтау |                                                              |                                                                                                                                               |                                                              |                                                                               |
| Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті:                                           | жаратылыстану:<br>дене мүшелерін танып, көрсету және таза болып жүруді үйретуді қалыптастыру                                                                                                                                                                                                                                                                                            | дене шынықтыру:<br>Нысанаға дейін жүгіру дағдыларын пысықтау | көркем әдебиет:<br>Ертегіні тыңдай білуге үйрету. Сөздік қорын молайту. Үлкендердің іс-әрекетін дұрыс айта білуге үйрету. Достыққа тәрбиелеу. | дене шынықтыру:<br>Нысанаға дейін жүгіру дағдыларын пысықтау | сурет салу:<br>Қағаз бетіне алақанымен ұқыпты таңба басуды үйрету             |
| Серуенге дайындық<br><br>Күндізгі серуен<br><br>Серуеннен оралу                  | Бақылау және танысу:                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                              |                                                                                                                                               |                                                              |                                                                               |
|                                                                                  | Қимылды ойын «Қонжық »                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  | Дидактикалық ойын «телпек кімдікі»                           | Сенсорлық ойын дөңгелектерді қазыққа кигізу                                                                                                   | Табиғат, ауа райы «өзен көлдер немесе су» бормен сурет салу  | Қимылды ойын «күн мен түн». «Әлди-әлди ақбөпем» челенджі, әжесінің бесік жыры |
|                                                                                  | Киімдерін реттілікпен киіну<br>Сумен, құммен ойындар.<br>Ата-аналардың тілектерін ескере отырып, +22С төмен емес суды ағызып қолын шынтаққа дейін жуу.<br>Шкафтарын танып, заттарын дұрыс реттеп қою дағдысын үйрету.                                                                                                                                                                   |                                                              |                                                                                                                                               |                                                              |                                                                               |
| Гигиеналық шаралар,<br>Түскі асқа дайындық,<br>Түскі ас<br>Күндізгі ұйқы         | Жуынуға ықылас білдіру. Қолын және бетін жуу дағдыларын қалыптастыру. Беті қолдарын сүрту<br><br>Тамақты дұрыс ішу, қасықты дұрыс ұстау. Майлықты пайдалану<br><br>Киім шешкенде оң қимыл әрекетімен шешінуге ықылас таныту                                                                                                                                                             |                                                              |                                                                                                                                               |                                                              |                                                                               |
| Ұйқыдан ояну шынығу,<br>Бесін ас                                                 | Ауа ваннасын қабылдау 4-5 минут<br><br>Жуынуға сүлгіні қолдануға ықылас білдіру. Қолын және бетін жуу дағдыларын қалыптастыру<br>Тамақты дұрыс ішу, қасықты дұрыс ұстау. Майлықты пайдалану                                                                                                                                                                                             |                                                              |                                                                                                                                               |                                                              |                                                                               |
| Тәрбиеші мен баланың еркін әрекеті                                               | Ойыншықтармен жеке ойындар. Тақпақтар оқу, альбомдар қарау.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                              |                                                                                                                                               |                                                              |                                                                               |
| Серуенге дайындық<br>Серуендеу<br>Үйге қайту<br>Ата-анаға кеңес                  | Киімдерін реттілікпен киіну дағдысын пысықтау.<br><br>Таза ауадағы еркін ойындар                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                              |                                                                                                                                               |                                                              |                                                                               |

## **Ұйымдастырылған оқу қызмет №1**

**Күні: 18.07.**

**Білім беру саласы:** Таным

**Ұйымдастырылған оқу қызмет:** Жаратылыстану

**Тақырыбы:** «Тазалық»

**Мақсаты:** Дене мүшелерін танып, көрсету және таза болып жүруді үйретуді қалыптастыру

**Көрнекілік құралдар:** \_\_\_\_\_

**Кіріспе бөлім:** Балаларға қонаққа келген құыршақты таныстырады

**Негізгі бөлім:** Оның дене мүшелерін көрсетіп атайды. Әр баланы жеке шақырып құыршақтың және өзінің дене мүшелерін көрсетіп ататады

Содан соң «Алақандар қайда» ойынын ойнатады

**Қорытынды бөлім:** Тәрбиеші балалардың көңіл күйлеріне қарап мақтап, мадақтайды.

## **Ұйымдастырылған оқу қызмет №2,4**

**Күні:19.07; 21.07.**

**Білім беру саласы:** Денсаулық

**Ұйымдастырылған оқу қызмет:** Дене шынықтыру

**Мақсаты:** Нысанаға дейін жүгіру дағдыларын пысықтау

**Көрнекілік құралдар:**

**Кіріспе бөлім:** жалпы дамытушы жаттығу топтамасы

1. Тәрбиешінің көмегімен екеуден сапқа тұру. Екеуден қол ұстасып тәрбиешінің соңынан жүру (15 сек) – қаздар өзенге бара жатыр.
2. Бастапқы қалып: Аяқтарының өкшесі бірге, ұшы ашық қойылған, қолдары бүйірлеріне қойылған. Бастарын оңға – солға бұрады (Қаздар өзенге келгенде жан жағына қарайды га – га – га деп)
3. Бастапқы қалып: Жоғарыдағыдай белдерінен еңкейіп төмен қарайды. (Қаздар суға қарайды) қолдарының ұшын аяқ басына тигізеді (Қаздар шомылуда)
4. Денесін түзу ұстап, баяу жүру.

**Негізгі бөлім:** Нысанаға дейін жүгір

**Қорытынды бөлім:** Қимылды ойын «Ұстап аламыз»

## **Ұйымдастырылған оқу қызмет №3**

**Күні:20.07.**

**Білім беру саласы:** қатынас

**Ұйымдастырылған оқу қызмет:** Көркем әдебиет

**Тақырыбы:** «Шалқан» ертегісі

**Мақсаты:** Ертегіні тыңдай білуге үйрету. Сөздік қорын молайту. Үлкендердің іс-әрекетін дұрыс айта білуге үйрету. Достыққа тәрбиелеу.

**Көрнекілік құралдар:** Ертегі бейнеленген суреттер.

**Кіріспе бөлім:** Балаларға бүгін «Шалқан» ертегісін айтып беретінін, ертегіні мұқият тыңдап алуларын сұрайды. Алдарына ертегі бейнеленген суреттерді қояды. Бір шалмен кемпір шалқан егіпті, піскенде шал жұлып алайын десе шамасы келмейді. Ол апаны шақырады бірақ жұлып ала алмайды

**Негізгі бөлім:** Апасы қызын шақырады сондада шамасы келмейді. Қызы итін шақырады, содан соң мысығын шақырады бәрі шалқанды тартады жұлып ала алмайды. Мысық тышқанды шақырады. Бәрі жабылып шалқанды тартып алады.

Міне сол шалқан деп балаларға көрсетеді. Балаларға ата, апа, қыз, мысық, ит, тышқан деген сөздерді айтқызып үйрету. Қайталап айтқызып жаттықтыру.

**Қорытынды бөлім:** Балалардың зейіндеріне қарап бағалайды.

**Ұйымдастырылған оқу қызмет №5**

**Күні:22.07.**

**Білім беру саласы:** Шығармашылық

**Ұйымдастырылған оқу қызмет:** Мүсіндеу

**Тақырыбы:** «Алақан таңбасы»

**Мақсаты:** Қағаз бетіне алақанымен ұқыпты таңба басуды үйрету

**Көрнекілік құралдар:** сазбалшық, ермексаз, қарындаштар.

**Кіріспе бөлім:** Балалардың зейінін үстелдер үстінде жеке әр балаға жасақталған заттарға аударады.

Қарандаршы, қандай әдемі заттар деп шағын карточкалардағы суреттерге қаратып осындай суреттер салуға болады дейді.

**Негізгі бөлім:** Міне мынау бояу, бұлар түрлі түсті деп, бірнеше бояуды балаларға ұстап көруге береді.

Қылқаламмен алақанымызға бояу жағып, қағазға таңба қылып басамыз деп алдарына қағаз таратып береді. Сосын әр бала жеке жұмыс жасауына жағдай жасайды.

Жұмысын аяқтаған соң ылғал сүлгімен қолын сүрткізу

**Қорытынды бөлім:** Балалардың жасаған таңбаларын өздеріне тамашалатады мынау не деп сұрап балаға ойын айтқызады мақтайды

**ШІЛДЕ АЙЫ - 4 апта**

**Өтпелі тақырып: «Әрқашан күн сөнбесін!»**

|                                                                 |                                                                                                                                                                                           |                                                                                                         |                                                                                                                            |                                                                                                         |                                                                       |
|-----------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------|
| Апта күндері                                                    | Дүйсенбі<br>Күні 25.07                                                                                                                                                                    | Сейсенбі<br>Күні 26.07_                                                                                 | Сәрсенбі<br>Күні_27.07                                                                                                     | Бейсенбі<br>Күні__28.07                                                                                 | Жұма<br>Күні__29.07                                                   |
| Білім салалары                                                  | таным                                                                                                                                                                                     | денсаулық                                                                                               | қатынас                                                                                                                    | денсаулық                                                                                               | шығармашылық                                                          |
| Таңертеңгі қабылдау:                                            | Жағымды музыка қойып қарсы алу. Сәлемдесу дағдысын пысықтау. Өз-өзіне қызмет ету дағдыларын пысықтау.                                                                                     |                                                                                                         |                                                                                                                            |                                                                                                         |                                                                       |
| Таңғы жаттығу                                                   | Жағымды музыка мен көтеріңкі көңіл күймен таңғы жаттығуды бастау. Жұптасып жүру, кегельдердің арасымен жүру. Бір орында тұрып, қолдарын жоғары көтеріп шапалақ ұру. Орнында тұрып секіру. |                                                                                                         |                                                                                                                            |                                                                                                         |                                                                       |
| Таңғы асқа дайындық<br>Таңғы ас                                 |                                                                                                                                                                                           |                                                                                                         |                                                                                                                            |                                                                                                         |                                                                       |
|                                                                 | Тамақтану алдында гигиеналық шараларды өз бетінше орындау.<br>Өз орнына отырып, ұқыпты тамақтанады, майлықты пайдаланып, тамақтан соң алғыс айтады                                        |                                                                                                         |                                                                                                                            |                                                                                                         |                                                                       |
| Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті:                          | Сенсорика:<br>Шелектен алып қорапқа жеміс пішіні орнына жемісті (алма, өрік, шие) орналастыру, ауыстырып салуды үйрету                                                                    | Дене шынықтыру:<br>Тура жолмен жүру, еденде жатқан ленталардан аттап өту. Допты екі қолмен алға лақтыру | Сөйлеуді дамыту:<br>Көкөністер мен жемістердің дәмі туралы түсінік беру. Сөздік қорына (ашшы,шырын, дәмді) сөздерін ендіру | Дене шынықтыру:<br>Тура жолмен жүру, еденде жатқан ленталардан аттап өту. Допты екі қолмен алға лақтыру | Мүсіндеу:<br>Алақан арасында ермек сазды есу әдісімен сақиналар жасау |
| Серуенге дайындық                                               | Бақылау және танысу:                                                                                                                                                                      |                                                                                                         |                                                                                                                            |                                                                                                         |                                                                       |
| Күндізгі серуен                                                 | Қуыршақ театры<br>«Әтеш пен түлкі»                                                                                                                                                        | Желілі ойын<br>Қуыршақты шомылдырамыз                                                                   | «Кішкентай көмекшілер» балабақша ауласындағы гүлдер ағаштарға қамқорлық жасау                                              | Гүлді танып атау тамашалау.                                                                             | Үй жануарлары мысық пен күшік әрекеттерін тану                        |
| Серуеннен оралу                                                 | Реттілік сақтап киінуді пысықтау.<br>Сумен, құммен ойындар.<br>Ата-аналардың тілектерін ескере отырып, +22С төмен емес суды ағызып қолын шынтаққа дейін және тізеден төмен жуу.           |                                                                                                         |                                                                                                                            |                                                                                                         |                                                                       |
| Гигиеналық шаралар,<br>Түскі асқа дайындық,<br>Түскі ас         | Жуынуға ықылас білдіру. Қолын және бетін жуу дағдыларын пысықтау. Беті қолдарын өздері сүрту                                                                                              |                                                                                                         |                                                                                                                            |                                                                                                         |                                                                       |
| Күндізгі ұйқы                                                   | Тамақты дұрыс ішу, қасықты дұрыс ұстау. Майлықты пайдалану                                                                                                                                |                                                                                                         |                                                                                                                            |                                                                                                         |                                                                       |
|                                                                 | Киім шешкенде оң қимыл әрекетімен шешінуге ықылас таныту                                                                                                                                  |                                                                                                         |                                                                                                                            |                                                                                                         |                                                                       |
| Ұйқыдан ояну шынығу,<br>Бесін ас                                | Ауа ваннасын қабылдау 4-5 минут                                                                                                                                                           |                                                                                                         |                                                                                                                            |                                                                                                         |                                                                       |
|                                                                 | Жуынуға сүлгіні қолдануға ықылас білдіру. Қолын және бетін жуу дағдыларын қалыптастыру                                                                                                    |                                                                                                         |                                                                                                                            |                                                                                                         |                                                                       |
|                                                                 | Тамақты дұрыс ішу, қасықты дұрыс ұстау. Майлықты пайдалану                                                                                                                                |                                                                                                         |                                                                                                                            |                                                                                                         |                                                                       |
| Тәрбиеші мен баланың еркін әрекеті                              | Ойыншықтармен дербес ойындар                                                                                                                                                              |                                                                                                         |                                                                                                                            |                                                                                                         |                                                                       |
| Серуенге дайындық<br>Серуендеу<br>Үйге қайту<br>Ата-анаға кеңес | Реттілік сақтап киінуді пысықтау.                                                                                                                                                         |                                                                                                         |                                                                                                                            |                                                                                                         |                                                                       |

## **Ұйымдастырылған оқу қызмет №1**

**Күні:25.07.**

**Білім беру саласы:** Таным

**Ұйымдастырылған оқу қызмет:** Сенсорика

**Тақырыбы:** «Көкөністер мен жемістер әлемі»

**Мақсаты:** Шелектен алып қорапқа жеміс пішіні орнына жемісті (алма, өрік, шие)орналастыру, ауыстырып салуды үйрету

**Көрнекілік құралдар:** шелек, пішіндер.

**Кіріспе бөлім:** тәрбиеші балаларға жемістер пішінін көрсетеді оларды шелектен алып

**Негізгі бөлім:** Арнайы ұя секілді жасаған орындарына орналастыруды үйретеді.Олардың түсін формасын байқауын ұйымдастырады

**Қорытынды бөлім:** Тәрбиеші балалардың көңіл күйлеріне қарап мақтап, мадақтайды

## **Ұйымдастырылған оқу қызмет №2,4**

**Күні:26.07; 28.07.**

**Білім беру саласы:** Денсаулық

**Ұйымдастырылған оқу қызмет:** Дене шынықтыру

**Мақсаты:** Тура жолмен жүру, еденде жатқан ленталардан аттап өту. Допты екі қолмен алға лақтыру

**Көрнекілік құралдар:** доптар,ленталар.

**Кіріспе бөлім:** жалпы дамытушы жаттығу топтамасы

Аяқтың ұшымен, қолдарды жоғары көтеріп жүреміз (10 секундтан бастап, мен зообақтағы жирафпын деп айтқызу)

1. Орындықтарға отырып, аяқтарды кезектестіріп допты табанымен домалату.(1 минут)
2. Орындықта отырып, аяқтың саусақтарымен мата кесінделерін ауада ұстап тұру. (1-3 минут)
3. Тәрбиешінің соңынан еріп шеңбер бойлап жүріп жаттығуды аяқтау.

**Негізгі бөлім:** Тура жолмен жүру, еденде жатқан ленталардан аттап өту. Допты екі қолмен алға лақтыру

**Қорытынды бөлім:** Қимылды ойын «Шарды ұста»

Тәрбиеші ортаға көп үрленген шарларды жайып тастайды. Ойын басталды деген кезде (тәрбиешінің көмегімен) балалар шарды ұстап тәрбиешіге береді немесе себетке салады. Кім көп шар жинаса сол бала жеңімпаз атанады. 10-15 сек. Ойын жалғасады.

### **Ұйымдастырылған оқу қызмет №3**

